ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 қазан №2301-24-00-2/2971 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
алдын-ала ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Қызылқоға аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Интеллект КИПиА Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Д.Нығметов
Жауапкер өкілі Ж.Абенова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 28 мамырда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №57 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер «Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тасшағыл ауылындағы спорт алаңының құрылысы» нысаны бойынша жұмыстарды жасауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 59 005 260 теңге, орындау мерзімі – құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы хабарлама алған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде, 2024 жылғы 26 тамызға дейін.

Алайда, жауапкер міндеттемені тиісті түрде орындамаған.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, жұмыстар баяу түрде жасалуда.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, жұмыстар шартта белгіленген мерзімде орындалмағанын, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 28 мамырда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №57 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 26 тамызға дейін.

Талап қоюшы сотқа аталған талаппен 2024 жылғы 25 қыркүйекте жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшы жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндірді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 72-бабының 1-бөлігіне сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 30.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.01.2025, судья Дәуешова О. Ш., 13.02.2025
2301-24-3-1/3185

жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Жауапкермен талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелер сотқа ұсынылмады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Қызылқоға аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Интеллект КИПиА Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Интеллект КИПиА Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Интеллект КИПиА Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова
Көшірмесі дұрыс
Судья О.Ш.Даурешова
Анықтама
Сот шешімі 2025 жылдың «29» қаңтарында заңды күшіне енді
Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.01.2025, судья Даурешова О. Ш., 13.02.2025

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.01.2025, судья Даурешова О. Ш., 13.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»